ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 5 наурыз №5165-24-00-2/365 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.С.Чингиспаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Service group» Абдулла Жансерикович Кобландиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Service group» Абдулла Жансерикович Кобландиев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Service group» Абдулла Жансерикович Кобландиевтен «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына 28 427 (жиырма сегіз мың төрт жүз жиырма жеті) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Дара кәсіпкер «Service group» Абдулла Жансерикович Кобландиевтен мемлекет кірісіне 853 (сегіз жүз елу үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 06.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.04.2024, судья Чингиспаева К. С., 08.04.2024

5165-24-3-1/318